

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 20 қыркүйектегі
№ 469 бұйрығына 51 - қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2013 жылғы 3 сәуірдегі
№ 115 бұйрығына 491 -қосымша

Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы

1 - тарау. Жалпы ережелер

1. Тірек-қозғалыс аппараты бұзылған білім алушыларға арналған негізгі орта білім беру деңгейінің 5-6 сыныптары үшін «Математика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы б) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. «Математика» пәнін оқудың негізгі мақсаты: білім алушыларда сандық, кеңістіктік, уақытқа байланысты және геометриялық түсініктерді қолжетімді түрде қалыптастыру.

3. «Математика» пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) Бағдарламаның «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдылық теориясы», «Математикалық үлгілеу және талдау» бөлімдері бойынша математикалық білім мен дағдыны қалыптастыру мен дамытуға ықпал ету;

2) білім алушының сөйлеу тілін дамыту, оны математикалық терминологиямен байыту, негізгі математикалық заңдар мен математикалық тілдің қолданылуына ықпал ету, әртүрлі контекстердегі тапсырмаларды шешу үшін сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды зерттеу;

3) физика, химия, биология және теоретикалық салалар мен тәжірибелік қызметтердегі тапсырмаларды шешу және зерделеу үшін математикалық білімді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

4) тәжірибелік тапсырмаларды шешу кезінде сәйкес математикалық әдісті таңдау үшін шығармашылық қабілет, логикалық және сыни ойлауды дамыту;

5) байланыс жасау дағдыларын дамыту, соның ішінде ақпаратты нақты және сауатты түрде жеткізе білу, оның ішінде жарияланымдар мен электронды құралдарды қосқанда әртүрлі дереккөздерінен келген ақпараттарды пайдалана

білу;

6) дербес жұмыс және топпен жұмыс жасауда қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, белсенділік, табандылық, төзім және толеранттылық сияқты жеке қасиеттерді дамыту;

7) математиканың даму тарихы, алгебралық терминдердің пайда болу тарихымен таныстыру;

8) математиканы оқыту кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану дағдыларын дамыту;

9) жалпы білім алуда математиканың мәнін түсіндіруді қамтамасыздандыру.

4. «Математика» пәнін оқытудың негізгі түзету міндеті танымдық қызметті дамыту мен тірек-қозғалыс аппаратындағы түзету болып табылады.

тарау. Оқу процесін ұйымдастырудағы педагогикалық тәсілдер

5. Бағдарлама олардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, олардың оқыту тәсілдері және танымдық уәждеме, жекелей қабілеттерін дамыту арқылы тірек-қозғалыс аппараты бұзылған (бұдан әрі – ТҚАБ) білім алушыларды тұлға ретінде қалыптастырады.

6. Бағдарлама төмендегілерді қамтамасыздандыруға бағытталған:

1) ТҚАБ білім алушылардың негізгі орта білім алу дәрежесінде сапалы білім алуың тең мүмкіндігіне ие болу;

2) білім алуда айрықша ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне жауап беретін ТҚАБ білім алушыларды барынша қамту;

3) ТҚАБ білім алушылардың бастауыш және жалпы орта білім алуының негізгі білім беру бағдарламаларының сабақтастығы;

4) бейімдеген бағдарламаны білім алушылардың игеру нәтижелерін бағалаудың сыни бағалауын пайдалану;

5) бейімделген негізгі орта білім беру бағдарламасын білім алушылардың игеруі және тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, оған барлық білім алушыларды жекелей дамытуға арналған жағдайды қамтамасыздандыру.

7. Бағдарламаның негізінде жүзеге асыру төмендегілерді қарастыратын қызметтік және дифференциалды тәсілдер жатыр:

1) оларды білім мазмұнын игеруін қамтамасыз ететін білім алушылардың танымдық және пәндік-тәжірибелік қызметін ұйымдастыру үрдісі ретіндегі оқыту мақсаттарына қол жеткізудің негізгі құралдары ретінде тану;

2) білім алушылар тұлғасының дамуы оқу қызметінің қолжетімділігі сипатына тәуелді екенін мойындау;

3) заманауи қоғам талаптарына сәйкес білім алушылардың тұлғасын дамыту, олардың әлеуметтік бейімділуін мүмкіндігінше қамтамасыздандыру;

4) олардың ерекше білім алу қажеттіліктеріне сәйкес тұлғалық және танымдық даму дәрежесіне қол жеткізудің тәсілдері мен жолдарын анықтаушы білім алушылардың негізгі орта білім беру технологиясы мен мазмұнын жасау;

5) танымдық уәждеменің шығармашылық әлеуетінің өсуін қамтамасыздандырушы әрбір білім алушының жекелей дамуы мен білім беру үрдісінің ұйымдастырушылық формаларының әрқилылығы, танымдық қызметтегі баланың өз қатарластарымен және үлкендермен өзара қарым-қатынас жасау формаларын байыту;

8. Жаңартылған бағдарлама ерекшелікке ие және ТҚАБ білім алушылардың психофизикалық даму қасиетін есепке ала отырып ұзақ уақытқа есептелген.

9. Математика бойынша бағдарламалық материал зерделік тұрғыдан орналасқан. Бағдарламаның зерделенуі алдында игерілген материалды ұдайы қайталап отыруға жағдай жасайды. Материалдың осылай орналасу жағдайында білім алушы біртіндеп алгебралық өрнектермен, көпмүшелермен, олардың әрекеттерімен және де қасиеттерімен оларға түсінікті тілде танысады.

10. Қозғалыс қызметтері бұзылуымен байланысты: күш салып орындайтын қозғалыстардың болуы (қимылға күш салу), бұлшықет тонусының бұзылуы, (салдану, босансу, дистония), саусақтардың еркін қозғалыстарының шектеулілігі немесе мүмкін болмауы (салдану), қолдың дірілдеуі сызба жұмыстарын жүргізу кезіндегі қимылды қиындатады және графиктерді құру кезінде оқытушы көмектеседі.

11. Қозғалыс, кеңістіктік, көру бұзылыстары және жұмыс қарқынының баяу болуын есепке ала отырып, өзіндік жұмыстар және бақылау жұмыстары білім алушымен толығымен орындалады, баға төмен болмайды, тапсырмалар білім алушылардың күші жетерліктей болады.

12. Есептеу және есептік операция кезінде, арифметикалық есептеулерде білім алушылардың калькуляторлар, есептеу материалдарын қолдануына жол беріледі (есептегіштер, сызғыштар).

13. Әрбір сыныптағы білім алушылардың әртүрлі мүмкіндігіне байланысты ТҚАБ білім алушылар ауытқушылығының қатар келу құрылымын есепке ала отырып, білім мен дағдыға қойылатын талаптың екі деңгейі қарастырылған (оқу материалын игеруіне байланысты):

1) бірінші дәреже (базалық) білім алушының материал көлеміне қойылатын талаптарды жүзеге асыруын;

2) екінші дәреже материал көлемін және оның мазмұндық үрдісін азайтуға қатысты түзетуді қарастырады.

14. Арнайы мектептің үлкен және ортаңғы буынында оқытудың мазмұны әрбір білім алушы игере алатын шағын білім мен дағдыны қарастырады (бұзылыстары айқын көрінетін білім алушылармен жиынтықталған сыныптарда).

15. Оқу процесі теорияны игеру және тапсырмаларды шешу кезінде жазбаша және жазба жұмыс түрлерін тиімді үйлестіруге бағытталған.

Оқулықпен жұмыс жасауға ерекше назар аударылады (мұғалім түсіндірген соң мәтінді зерделеу, бақылау сұрақтарын пайдалана отырып материалды өздігінен оқу, тапсырма мәтінінің қысқаша жазбасы (теоремалар), сәйкес суреттерді пайдалану).

16. Оқу процесінің тиімділігін қамтамасыздандыруды оқылған материалды қайталау және бекіту, курстың келесі бөлімдерінде тірек білімді жүйелі түрде пайдалану маңызды рөлге ие.

17. Білім алушыға ұсынылатын тапсырма, жаттығулар мен сұрақтарға дұрыс таңдау жасауларды механикалық тұрғыдан есте сақтауды ғана емес істің мәнін түсіндіретін ережелер мен формулаларды саналы түрде пайдалануға негізделеді.

18. Тапсырмалар мен жаттығуларға қойылатын талаптар деңгейі оқулықтарда және олардың әдістемелік жетекшілігімен анықталады.

19. Формулаларды жаттау анықтаманы пайдалану дағдысын қалыптастырумен ауыстырылады.

20. Оқу процесін тиімді ұйымдастыруың маңызды жағдайы оқу жабдықтары мен көрнекі көмекші құралдарды барынша пайдалану болып табылады.

21. Білім беру және түзету тапсырмаларын орындауда «Математика» оқу пәні бойынша сабақ өткізуде қолданылатын үлгілер:

- 1) магниттік бекітпесі бар сандардың, әріптер мен белгілердің жиынтығы;
- 2) «Үлестер мен бөлшектер» жиынтығы;
- 3) шарнирлі үлгілер жиынтығы;
- 4) стереометрикалық денелер жиынтығы.

22. «Математика» пәнін оқыту кезінде қолданылатын құралдар мен жабдықтар:

- 1) координаттық торшасы бар магниттік тақта;
- 2) сынып құралдарының жиынтығы (сызғыш, транспортир, бұрыш, циркуль);
- 3) парабол трафареттерінің жиынтығы.

23. «Математика» пәнін оқытуда келесі баспалық оқу құралдары қолданылады:

- 1) ұлы математиктер (портреттер жиынтығы);
- 2) математика бойынша кестелер, 5-6 сынып (оларға таратпалы материал);
- 3) таратпалы материалдар - 5-6 сынып;
- 4) баспалық негіздегі дәптер – 5-6 сынып (оқулыққа жұмыс дәптері);
- 5) 5-6 сыныптың нұсқалары бойынша өзіндік жұмысты өткізу материалдары.

24. тақырыптар мен сыныптар бойынша «Математика» оқу пәнін оқытуда қолданылатын DVD дискілер мен видеоматериалдар:

- 1) стендтер мен транспаранттар;
- 2) техникалық құралдар (компьютер, интербелсенді тақта).

3 - тарау. «Математика» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру

25. «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында - 170 сағатты;
- 2) 6-сыныпта – аптасына 5 сағат, оқу жылында - 170 сағатты құрайды.

26. 5-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) натурал сандар мен нөл. Натурал сандар мен нөл. Координаттық сәуле. Натурал сандарды салыстыру. Қос теңсіздік. Қарапайым сандарды қосу. Қарапайым сандарды азайту. Қарапайым сандарды көбейту. Қарапайым сандарды бөлу. Арифметикалық әрекеттердің қасиеті. Қарапайым сандармен байланысты арифметикалық әрекеттер. сандық өрнектер. Әріптік өрнектер. Сандық және әріптік өрнектердің мәні. Өрнектерді жеңілдету. Теңдеулер. Теңдеу түбірі. Теңдеу көмегімен мәтіндік тапсырмаларды шешу. Формулалар. Формулалар бойынша есептеу. Қарапайым сандардан тұратын сандық бірізділік;

2) қарапайым сандардың бөлінгіштігі. Бөлінгіштер мен еселеуіш қарапайым сандар. Қарапайым және күрделі аңдар. Бөлінгіштің негізгі қасиеттер. 2; 3; 5; 9; 10 бөліну белгілері. Жұп және тақ сандар. Деңгейлік негіздемелер. Дәреже көрсеткіштері. Қарапайым сандарды қарапайым көбейтінділерге бөлу. Кішігірім бөлінгіш. Өзара жай сандар. Жалпы еселеуіштер;

3) жай бөлшектер және олардың қызметтері. Жай бөлшектерді оқу және жазу. Жай бөлшектердің негізгі ерекшеліктері. Дұрыс және бұрыс жай бөлшектер. Аралас аңдар. Аралас сандардың бүтін және бөлшек бөліктері. Бұрыс бөлшектерді аралас сандарға ауыстыру. Аралас сандарды бұрыс бөлшек түрінде ұсыну. Жай бөлшектер мен аралас сандарды координаттық сәуледе салу. Жай бөлшектерді жалпы бөлшекке келтіру. Жай бөлшектер мен аралас сандарды салыстыру. Жай бөлшектерді қосу және есептеу. Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды қосу. Аралас сандарды есептеу. Жай бөлшектер мен аралас сандарды көбейту. Өзара кері сандар. Жай бөлшектер мен аралас сандарды бөлу. Жай бөлшектер мен аралас сандармен байланысты арифметикалық әрекеттер. Бөлшектерді сандардан және бөлшектер бойынша сандарды табу. Біріккен жұмыстарға байланысты тапсырмалар;

4) ондық бөлшектер және оларға қолданылатын амалдар (40 сағат). Ондық бөлшек. Ондық бөлшектерді жазу және оқу. Ондық бөлшектерді жай бөлшекке ауыстыру. Координаттық сәуледе ондық бөлшекті салу. Ондық бөлшектерді салыстыру. Ондық бөлшектерді қосу және есептеу. Қарапайым сандарды ондық бөлшектерге көбейту. Ондық бөлшектерді көбейту. Ондық бөлшектерді қарапайым сандарға бөлу. Ондық бөлшектерді 10; 100; 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 бөлу. Қарапайым және бөлшектерге байланысты

арифметикалық әрекеттер. Ондық бөлшектерді бүтін сандарға айналдыру. Бөлшектерде құрылған сандық бірізділік;

5) көбейтінді. Көбейтінді. Көбейтінді элементтері. Көбейтіндінің жазылуы. Көбейтінділер арасындағы қатынастар. Көбейтінділердің бірігіуі мен қиылысуы;

6) бұрыштар. Көпбұрыштар. Бұрыш. Бұрыш шамасы. Бұрышарды құру және өлшеу. Транспортер. Бұрыштарды салыстыру. Көпбұрыштар. Көпбұрыштың бұрыштары мен жан-жағын өлшеу, периметрлерін табу;

7) кеңістіктік кесінділері. Тік бұрышы параллелепипед (куб). Тікбұрышты параллелепипедтің қиындысы (куб). Фигура кесінділеріне қатысты тапсырмалар. Фигура салуға қатысты тапсырмалар;

8) 5 - сыныптың «Математика» курсын қайталау.

27. 6-сыныпқа арналған «Математика» пәнінің базалық мазмұны:

1) 5-сыныптың математика курсын қайталау;

2) пайыздар. Пайыз. Сандардың пайыздарын табу және пайыздар бойынша сандарды табу, мәтіндік тапсырмаларды шешу;

3) диаграммы. Шеңбер. Дөңгелек. Шеңбер секторы. Диаграмма. Диаграмма түрлері: бағаналық, тік, және дөңгелек. Статистикалық мәліметерді ұсыну тәсілдері;

4) қатынастармен пропорциялар. Екі санның қатынасы. Екі санның пайыздық қатынасы. Пропорция. Пропорцияның негізгі ерекшеліктері. Тік пропорционалды тәуелділік. Кері пропорционалды тәуелділік. Пропорция көмегімен мәтіндік тапсырмаларды шешу. Пропорция көмегімен сандардың пайызын табу және пайызы бойынша сандарды табу. Ауқым. Шеңбер ауқымы. Шеңбер ауданы. Шар. Сфера;

5) рационалды сандар және олармен байланысты әрекеттер. Оң сандар. Кері сандар. Координаттық тік сызық. Қарама-қайшы сандар. Бүтін сандар. Рационалды сандар. Сандардың модулі. Модуль негізіндегілерді қамтитын қарапайым теңдеулер. Рационалды сандарды салыстыру. Координаттық тік сызық көмегімен рационалды сандарды қосу. Кері рационалды сандарды қосу. Өртүрлі белгілерге ие рационалды сандарды қосу. Рационалды сандарды есептеу. Координаттық тік сызықтағы нүктелер арасындағы ара қашықтық. Рационалды сандарды көбейту. Рационалды сандарды көбейту және қосудың сыйымдылық және үйлесімділік қасиеті. Рационалды сандарды бөлу. Үздіксіз ондық бөлшектер түріндегі рационалды сандарды бөлу. Кезеңдік ондық бөлшектерді жай бөлшектерге айналдыру. Рационалды сандарға байланысты арифметикалық сандар. Мәтіндік тапсырмаларды шешу;

6) алгебралық өрнектер. Айнымалысы бар. Айнымалысы бар өрнектер. Жақшаларды ашу. Коэффициент. Ұқсас қосылғыштар. Ұқсас қосылғыштарды келтіру. Өрнектердің теңдік түрленулері. Теңдіктер. Алгебралық өрнектердің түрленуі. Мәтіндік тапсырмаларды шешу;

7) бір айнымалысы бар тік теңдеулер. Сандық теңдіктер және оның ерекшеліктері. Бір айнымалысы бар тік теңдеулер. Тең теңдеулер. Бір

айнымалысы бар тік теңдеулерді шешу. Теңдеулер көмегімен мәтіндік тапсырмаларды шешу;

8) бір айнымалысы бармен келетін тік теңсіздіктер. Сандық теңсіздіктер және олардың ерекшеліктері. Сандық аралықтар. Сандық аралықтардың бірігуі мен қиылысуы. Тік теңсіздіктер. Бір айнымалысы бармен келетін тік теңсіздіктерді шешу. Бір айнымалысы бар келетін тік теңсіздік жүйелері. Бір айнымалысы бармен келетін сызықтық теңсіздік модуль белгілерін қамтиды;

9) координаттық жазықтық. Жазықтық. Перпендикулярлы тік сызықтар және кесінділер. Параллелді тік сызықтар және кесінділер. Координаттың тікбұрышты жүйесі. Орталық симметрия. Осьтік симметрия;

10) кеңістіктегі фигуралар. Кеңістіктегі фигураларды орналастыру. Кеңістіктік фигураларды салу, «көрінбейтін» сызықтар. Вектор түсінігі;

11) статистика. Комбинаторика. Статистикалық мәліметтер және олардың сипаттамасы: орташа арифметикалық, мода, медиана, ауқым. Қозғалыстың орташа жылдамдығы табуға арналған тапсырмаларды шешу. Асыру әдісімен комбинаторлық тапсырмаларды шешу;

12) 5-6 сыныптардағы математика курсы қайталау.

28. Оқу пәнінің мазмұны оқытудың бөлімдері бойынша бөлінген. Бөлімдер әріде сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түріндегі білім алушылардың оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерге бөлінген: дағды және икем, білім және түсіну.

29. Оқу пәнінің мазмұны 5 бөлімді қамтиды:

- 1) 1-бөлім «Сандар»;
- 2) 2-бөлім «Алгебра»;
- 3) 3-бөлім «Геометрия»;
- 4) 4-бөлім «Статистика және ықтималдылық теориясы»;
- 5) 5-бөлім «Математикалық үлгілеу және талдау».

30. «Сандар» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) сандар мен шамалар туралы түсінік;
- 2) сандар операциясы.

31. «Алгебра» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) алгебралық өрнектер және оның түрленулері;
- 2) теңдіктер мен теңсіздіктер, олардың жүйесі мен жиынтығы;
- 3) бірізділігі мен оларды сомалау;
- 4) тригонометрия.

32. «Геометрия» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) геометриялық фигуралар туралы түсінік;
- 2) геометриялық фигуралардың өзара орналасуы;
- 3) метрикалық қатынастар;
- 4) векторлар мен түрленулер.

33. «Статистика және ықтималдылық теориясы» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) көбейтінділер теориясы мен логика элементтері;

- 2) комбинаторика негіздері;
- 3) ықтималдылық теориясының негізі;
- 4) статистика және мәліметтерді талдау.

34. «Математикалық үлгілеу және талдау» бөлімі келесідей бөлімшелерді қамтиды:

- 1) математикалық талдаудың бастамасы;
- 2) математикалық үлгілер көмегімен тапсырмаларды шешу;
- 3) математикалық тіл және математикалық үлгі.

4 тарау. Оқыту мақсаттарының жүйесі

35. Бағдарламада оқыту мақсаттары кодтық белгімен ұсынылған. Кодта бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сан – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан оқу мақсатының нөмірін көрсетеді. Мысалы, 7.2.1.4 кодында «7» – сынып, «2.1» – бөлімше, «4» – оқу мақсаттарының реттік нөмірі.

36. Оқыту мақсаттары бойынша күтілетін нәтижелер:

- 1) 1 - бөлім «Сандар»:
1 кесте

Бөлімшеле р	Оқыту мақсаттары	
	5 - сынып	6 - сынып
1.1 Сандар мен шамалар туралы түсінік	5.1.1.1 натурал сандардың көптігі түсінігін игеру; 5.1.1.2 жұп және тақ сандар түсінігін игеру; 5.1.1.3 сандардың натурал дәрежесін анықтауды білу; 5.1.1.4 ондық жазба түріндегі натурал сандарды білу; 5.1.1.5 бөлгіштің анықтамасын және еселеуіш қарапайым санның анықтамаларын білу; 5.1.1.6 қарапайым және құрамдас сандардың анықтамасын білу; 5.1.1.7 жалпы бөлгішжалпы еселеуіштің, ең үлкен ортақ бөлгіш және ең кіші ортақ еселік анықтамасын білу; 5.1.1.8 қарапайым сандардың анықтамасын білу; 5.1.1.9 қарапайым бөлінді	6.1.1.1 пайыз түсінігін игеру; 6.1.1.2 екі санның қатынасын нені көрсететінін түсіну; 6.1.1.3 қандай сандар тура пропорционалды екенін түсіну, мысалдар келтіру тапсырмаларды шешу; 6.1.1.4 қандай шамалар кері пропорционалдар болады, мысалдар келтіру, тапсырмалар орындау; 6.1.1.5 координаттық тік сызықты анықтауды білу және координаттық тік сызықты білу; 6.1.1.6 ауқым түсінігін игеру; 6.1.1.7 тұтас сан түсінігін игеру; 6.1.1.8 қарама-қайшы сандар түсінігін игеру, оларды тік координаттық сызықта

	<p>түсінігін игеру; 5.1.1.10 дұрыс және бұрыс бөлшектерді тану; 5.1.1.11 аралас сандар анықтамасын білу; 5.1.1.12 кері сандар анықтамасын білу; 5.1.1.13 ондық бөлшек түсінігін игеру; 5.1.1.14 ондық бөлшек түрінде жазылған сандардың теңдішігін түсіну; 5.1.1.15 сандардың жақын мәндері түсінігін игеру</p>	<p>белгілеу; 6.1.1.9 рационалды сан түсінігін игеру; 6.1.1.10 сан модулін анықтау және оның мәнін табуды білу</p>
1.2 Сан операциялары	<p>5.1.2.1 координаттық сәуле көмегімен натурал сандарды салыстыру; 5.1.2.2 төрт әрекетті қамтитын жақшаның ішіндегі және жақшасын сандық өрнектердің мәнін табу және әрекет ету тәртібін бекіту; 5.1.2.3 сандық өрнектердің мәнін табу үшін көбейту мен қосуды пайдалану; 5.1.2.4 дәрежелі түріндегі бірдей сандардың шығарылымын жазып отыру; 5.1.2.5 натурал сандардың 2,5,10 бөліну белгілерін қолдану; 5.1.2.6 натурал сандардың 3 пен 9 бөліну белгілерін қолдану; 5.1.2.7 құрамдас сандарды қарапайым көбейтінділерге бөлу; 5.1.2.8 натурал сандардың бөлінділерін табу; 5.1.2.9 еселенген қарапайым сандарды табу; 5.1.2.10 натурал сандар мәліметтерін бөлшекке бөлуді талдау;</p>	<p>6.1.2.1 бөлшектерді пайыздарға және пайыздарды бөлшектерге ауыстыру; 6.1.2.2 аталмыш санның пайызын табу; 6.1.2.3 бір санның өзге бір санға пайыздық қатынасын табу; 6.1.2.4 аталмыш пайыз бойынша санды табу; 6.1.2.5 сандар қатынасы түсінігін игеру; 6.1.2.6 аталмыш қатынасқа кері қатынасты табу; 6.1.2.7 пропорция анықтамасын білу; 6.1.2.8 пропорцияларды тану және құру; 6.1.2.9 пропорцияның негізгі қасиетін білу және қолдану; 6.1.2.10 берілген қатынастардағы шамаларға бөлу; 6.1.2.11 шамаларды бөліктерге бөлу, сандардың кері пропорционалды мәліметтерін талдау; 6.1.2.12 тұтас сандарды салыстыру;</p>

	<p>5.1.2.11 натурал сандар әрқилылығы және сомалардың бөлінуін талдау;</p> <p>5.1.2.12 екі және одан көп сандарда ең үлкен ортақ бөлгішті және ең кіші ортақ еселікті табу;</p> <p>5.1.2.13 бұрыс бөлшектерді аралас сандарға айналдыру және аралас сандарды бұрыс бөлшектерге айналдыру;</p> <p>5.1.2.14 жай бөлшектерді азайту кезіндегі бөлшектің негізгі ерекшеліктерін қолдану;</p> <p>5.1.2.15 жай бөлшекті жаңа жаңа бөлшекке айналдыру;</p> <p>5.1.2.16 жай бөлшект жалпы бөлшекке айналдыру; жай бөлшектерді, аралас сандарды салыстыру;</p> <p>5.1.2.17 бір мәндегі бөлшектерді қосу және есептеуді орындау;</p> <p>5.1.2.18 әртүрлі мәндегі бөлшектерді қосу және есептеу;</p> <p>5.1.2.19. натурал сандар бөлшегін есептеуді жүзеге асыру;</p> <p>5.1.2.20 аралас сандарды қосу және есептеу;</p> <p>5.1.2.22 кері берілген санды табу;</p> <p>5.1.2.23 жай бөлшектер мен аралас сандарды бөлуді жүзеге асыру;</p> <p>5.1.2.24 сандардың бөлігін табу және олардың бөліктері бойынша сандарды табу;</p> <p>5.1.2.25 жазба формасының біреуінен екіншісіне өту;</p> <p>5.1.2.26 ондық бөлшектерді салыстыру;</p> <p>5.1.2.27 ондық бөлшектерді</p>	<p>6.1.2.13 координаттық тік сызықтағы рационалды сандарды көрсету;</p> <p>6.1.2.14 координаттық тік сызық көмегімен бүтін сандарды қосу және есептеу;</p> <p>6.1.2.15 Эйлер-Венна дөңгелегінің көмегімен рационалды сандардың көбейтіндісін көрсету;</p> <p>6.1.2.16 рационалды сандарды салыстыру;</p> <p>6.1.2.17 әртүрлі белгілерге ие және бір белгілерге ие сандарды көбейту;</p> <p>6.1.2.18 рационалды сандарды есептеуді жүзеге асыру;</p> <p>6.1.2.19 рационалды сандарды көбейтуді жүзеге асыру;</p> <p>6.1.2.20 рационалды сандарды бөлуді жүзеге асыру;</p> <p>6.1.2.21 рационалды сандарды көбейту мен қосу ерекшеліктерін қолдану;</p> <p>6.1.2.22 соңғы ондық бөлшектер ретіндегі ретінде жай бөлшектерді тану;</p> <p>6.1.2.23 шексіз ондық бөлшек түріндегі рационалды сандарды ұсыну;</p> <p>6.1.2.24 кезеңдік ондық бөлшектің шексіздігін көрсету;</p> <p>6.1.2.25 шексіз ондық бөлшекті жай бөлшекке айналдыру;</p> <p>6.1.2.26 рационалды сандарды қамтитын сандық өрнектің мәнін табу;</p> <p>6.1.2.27 тік координаттық нүктелер арасындағы арақашықтықты табу.</p>
--	---	--

	<p>есептеу және көбейту; 5.1.2.28 ондық бөлшекті натурал сандарға және ондық бөлшектерге көбейтуді жүзеге асыру; 5.1.2.29 ондық бөлшектерді 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 көбейту ережелерін сақтау; 5.1.2.30 ондық бөлшектерді натурал сандарға және ондық бөлшекке бөлуді орындау; 5.1.2.31 ондық бөлшекті 10, 100, 1000 және 0,1; 0,01; 0,001 бөлу ережелерін қолдану; 5.1.2.32.ондық бөлшектерді берілген санатқа дейін бүтіндеу</p>	
--	---	--

2) 2 – бөлім «Алгебра»:

2 кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5-сынып	6-сынып
2.1 Алгебралық өрнектер мен түрленулер	<p>5.2.1.1 көбейту мен қосудың ерекшеліктерін пайдалана отырып әріптік өрнектерді түрлендіру; 5.2.1.2 әріптердің берілген мәндері бойынша әріптік түрленулердің мәнін табу</p>	<p>6.2.1.1 алгебралық өрнек түсінігін игеру; 6.2.1.2 берілген айнымалысы бар мәндер кезіндегі алгебралық өрнектердің мәнін есептеу; 6.2.1.3 алгебралық өрнектер кезіндегі айнымалысы бар мәнді табу; 6.2.1.4 алгебралық өрнек қандай өзгермелі мән кезінде тәжірибелік тапсырма контекстінде мәнге ие болады; 6.2.1.5 жақшаларды ашу ережелерін білу; 6.2.1.6 ұқсас қосылғыштар, коэффициент түсінігінің анықтамасын білу; 6.2.1.7 алгебралық өрнектердегі қосылғыштарды келтіру;</p>

		<p>6.2.1.8 теңдік түрленулер және теңдіктерді анықтауды білу;</p> <p>6.2.1.9 алгебралық өрнектердің теңдік түрленулерін жүзеге асыру;</p> <p>6.2.1.10 бір айнымалысы бар теңдіктерді шығару;</p> <p>6.2.1.11 $a - b$ өрнегінің геометриялық мәнін түсіну</p>
2.2 Теңдіктер мен теңсіздіктер, олардың жүйесі мен жиынтығы	<p>5.2.2.1 арифметикалық әрекеттердің белгісіз компоненттерін табу ережелері негізіндегі теңдіктерді шешу;</p> <p>5.2.2.2 теңдіктерді шешу дұрыстығын тексеру тәсілдерін пайдалану</p>	<p>6.2.2.1 дұрыс сандық теңдіктердің қасиетін қолдану;</p> <p>6.2.2.2 теңдіктерге тең келетін айнымалысы бар тік теңдіктерді анықтауды білу;</p> <p>6.2.2.3 бір айнымалысы бар теңдіктерді шешу;</p> <p>6.2.2.4 $x \pm a = b$ түріндегі теңдіктерді шешу, мұндағы a және b – рационалды сандарды білу;</p> <p>6.2.2.5 дұрыс сандық теңсіздіктерді қасиетін білу және қолдану;</p> <p>6.2.2.6 теңсіздіктерді көбейту, бөлу, қосу, есептеу, білу және қолдану;</p> <p>6.2.2.7 сандық аралықтардың жазбалары үшін мәндерді пайдалану;</p> <p>6.2.2.8 сандық аралықтарды бейнелеу;</p> <p>6.2.2.9 сандық аралықтардың біріккен жерін және түйісулерін анықтау;</p> <p>6.2.2.10 $kx > b$, $kx \geq b$, $kx < b$, $kx \leq b$ түрлерінің тік теңсіздіктерін шешу;</p> <p>6.2.2.11 $kx > b$, $kx \geq b$, $kx < b$, $kx \leq b$ түріндегі теңсіздіктердің алгебралық түрленуі көмегімен теңсіздіктерді келтіру;</p> <p>6.2.2.12 координаттық тік сызық</p>

		кезіндегі теңсіздіктерді шешуді бейнелеу; 6.2.2.13 сандық аралық түріндегі теңсіздіктерді жазу және берілген сандық теңсіздіктерді сандық аралық түрінде жазу; 6.2.2.14 бір айнымалысы бар теңсіздікпен жүйелерді шешу; 6.2.2.15 $ x >a$, $ x \geq a$, $ x <a$, $ x \leq a$ түріндегі тік теңсіздіктеріндегі көптеген нүктелерді бейнелеу
2.3 Бірізділік және сомалау	5.2.3.1 қарапайым сандардан шығатын бірізділіктердегі заңдылықтарды анықтау; 5.2.3.2 қарапайым сандардағы бірізділіктегі қажетті элементтерді табу; 5.2.3.3 қарапайым сандардан тұратын бірізділікті құру және заңдылықтарды ойластыру; 5.2.3.4 бөлшектерден тұратын сандық бірізділіктердегі заңдылықтарды қарастыру; 5.2.3.5 бөлшектерден тұратын бірізділіктерді құру және заңдылықтарды ойластыру.	

3) 3 – бөлім «Геометрия»:
3-кесте

Бөлімшелер	Оқыту мақсаттары	
	5 - сынып	6 - сынып
3.1 Геометриялық фигуралар туралы түсінік	5.3.1.1 ұзындықтың әртүрлі бірліктерін білу және координаттық сәуледегі бірдей кесінділердің не екенін түсіну; 5.3.1.2 бұрыш және оның	6.3.1.1 шеңбер, дөңгелек олардың элементтері түсінігін игеру (ортасы, радиус және диаметр); 6.3.1.2 циркуль көмегімен шеңберді салу;

	<p>градустық өлшемдерінің түсінігін игеру және бұрышарды белгілеу және салыстыру;</p> <p>5.3.1.3 бұрыш түрлерін ажырату (өткір, тіксызық, жалпақ, аударылған, толықтай);</p> <p>5.3.1.4 көпбұрыш түсінігін игеру;</p> <p>5.3.1.5 тікбұрышты параллелепид туралы түсінікке ие болу</p>	<p>6.3.1.3 дөңгелек сектор түсінігін игеру;</p> <p>6.3.1.4 координаттық жазықтық түсінігін игеру;</p> <p>6.3.1.5 координаттың тікбұрышты жүйесін құру;</p> <p>6.3.1.6 реттік жұп сандар координаттың тік жүйесіне нүкте қою және әрбір нүктеге координаттық нүктеге сәйкес келетін сандардың реттік жұптарын сәйкес келтіру;</p> <p>6.3.1.7 координаттары бойынша координата жүйесінде нүкте сызу және координаттық жазықтықта берілген нүкте координатасын табу;</p> <p>6.3.1.8 осьтік және орталық симметрия түсінігін игеру;</p> <p>6.3.1.9. симметрияның орталығы немесе осьіне ие фигуралар туралы түсінікке ие болу; симметриялық және орталық симметрия фигураларын табу;</p> <p>6.3.1.10 шар және сфера туралы түсінікке ие болу</p>
<p>3.2 Геометриялық фигуралардың өзара орналасуы</p>	<p>5.3.2.1 фигуралардың орналасуы және кесімі көмегімен тапсырмаларды шешу</p>	<p>6.3.2.1 тік перпендикуляр, тік паралельдерді кесіп өтуші сызық анықтамаларын білу;</p> <p>6.3.2.2 перпендикулярлы, қатар тік сызықтар және кесінділерді тану;</p> <p>6.3.2.3 кесінді, сәуле немесе тік сызықтардың бір-бірімен, координаттық осьтерімен қиылысқан жерлеріндегі нүктелердің координатының графикалық тәсілдерін табу;</p> <p>6.3.2.4 жазық және кеңістіктік фигураларды салу және сол бойынша оларды</p>

		тану; 6.3.2.5 координаттың тікбұрышты жүйесіндегі координат пен координат бастамасындағы нүктелер мен фигураларды салу
